

Қарқаралы ауданы аумағында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Ережесі туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 2011 жылғы 23 қыркүйектегі XXXIX сессиясының N 39/387 шешімі. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 қазанда N 8-13-104 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының VI сессиясының 2012 жылғы 8 маусымдағы N 6/57 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының VI сессиясының 2012.06.08 N 6/57 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданы аумағында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Ережесі бекітілсін (қоса тіркелген).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Теміржанов

Аудандық Мәслихат хатшысы

О. Жүкібаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қарқаралы ауданы әкімінің
орынбасары
Б . Т о қ м у р з и н

23.09.2011 ж.

"Қарқаралы аудандық ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығының
міндетін атқарушы
Т . К ө п ж а с а р о в

23.09.2011 ж.

"Қарқаралы ауданының ішкі істер
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
бастығы
С . И с а б а й

23.09.2011 ж.

**"Қарқаралы ауданы бойынша мемлекеттік
санитарлық-эпидемиялық
қадағалау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
С . С и п а т у л л и н**

23.09.2011 ж.

Қарқаралы	аудандық	мәслихатының
2011	жылғы	23
қыркүйектегі		
N 39/387 шешімімен бекітілген		

**Қарқаралы ауданы аумағында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау
Ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қарқаралы ауданы аумағында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Ережесі (бұдан әрі - Ереже), "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің күші Қарқаралы ауданы аумағындағы жеке және басқадай меншігінде иттері мен мысықтары бар жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2-тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету тәртібі

3. Иттер мен мысықтарды ұстау санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық талаптар мен осы Ережені сақтаған жағдайда рұқсат етіледі:

бір жанұя тұратын тұрғын үй-жайда;
бірнеше жанұялар тұратын пәтерде, тек өзі тұратын тұрғын үй көлемінде (пәтерде тұратын барлығының жазбаша келісімімен);
кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, бағбандық және саяжайлық бірлестіктердің аумағында, демалыс базаларында иттерді байлаулы немесе арнаулы вольерлерде, түнгі уақыттарда мазалау, тыныштықты бұзу және айналасындағылар үшін қауіп төндіру мүмкіндіктерін болдырмайтын жағдайларда ұстау қажет. Аумаққа кіреберісте тиісті жазу жазылған ескерту кестесін қамтамасыз ету қажет.

4. Иттер мен мысықтарды көпшілік пайдаланатын орындарда (асханаларда дәліздерде, баспалдақтар бөліктерінде, жертөледе, шатырлар астында, лоджияларда, балкондарда және басқа да қосалқы үй-жайларда), үй жанындағы

аумақтарда (жеке тұрғын үй қоры үйлерінің жанындағы аумақтардан басқа), қонақүйлерде ұстауға жол берілмейді.

5. Иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін пайдалану мақсатында өсіруге және аулауға жол берілмейді.

6. Иттерді таластыруға және басқа да жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге жол берілмейді.

7. Пәтер иелерінің кооперативтеріне, тұрғын үй кооперативтеріне, үй-жай иелерінің кооперативтеріне, кондоминиумдарға:

1) жертөлелерге, шатырлар астына және басқа да қосалқы үй-жайларға кіретін есіктерді онда иттер мен мысықтардың кіріп кетуіне жол бермейтіндей ж а б ы қ к ү й і н д е ұ с т а у ;

2) жануарларды аулаумен айналысатын ұйымдарға өзінің аумағында бұралқы иттер мен мысықтардың бары туралы хабарлау ұсынылады.

8. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аулалық аумақтарда, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда) қарғыбаусыз және тұмылдырықсыз иесіз жүрген иттер, иесі байлап кеткендерден басқасы, қараусыз деп есептеледі және тиісті ұйымдардың аулауына жатады.

9. Қараусыз иттер мен мысықтарды аулауды жергілікті атқарушы органмен, онда аулаудың шарттары реттелетін шарт жасасқан тиісті ұйым жүзеге асырады.

10. Серуендетуге жол беріледі:

1) айналасындағыларға мазасыздық және кедергі тудырмай, аумақтың санитариялық жағдайын сақтағанда тұмылдырық кигізілген (сәндік тұқымды иттерден басқалары) және қысқа баудағы иттерді;

2) қоршалған аумақтарда, жаттықтыру алаңдарында және осы мақсаттар үшін қарастырылған орындарда қарғыбаусыз және тұмылдырықсыз иттерді.

11. Иттерді серуендетуге жол берілмейді:

1) балалар аулалық және спорттық алаңқайларында, мектепке дейінгі балалар және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және басқа қала тұрғындарының жаппай демалатын орындарында;

2) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық іс-шаралар өтетін жерлерде адамдарды құтқару бойынша, сондай-ақ қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарды орындайтын қызметтік иттерді және көзі нашар көретін адамдар үшін жетектеуші иттерді қоспағанда.

3-тарау. Қорытынды ережелер

12. Қарқаралы ауданы аумағында иттерді және мысықтарды күтіп ұстау Ережесінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

13. Осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК